

## Арнайы су пайдалануға рұқсат беру, оның қолданысын тоқтата түру ережесін бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 қантардағы № 56 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 14 мамырдағы № 516 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.05.14 № 516 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ескерту. Тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.06.05 N 833 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Арнайы су пайдалануға рұқсат беру, оның қолданысын тоқтата түру ережесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.06.05 N 833 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитетімен, Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігімен және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп үш ай мерзімде арнайы су пайдалануға рұқсат берумен байланысты мәселелер бойынша нұсқаулықты өзірлесін және мұдделі мемлекеттік органдармен келісім бойынша бекітсін.

3. "Арнайы су пайдалануға келісім және рұқсат беру тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 29 желтоқсандағы N 1482 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 1994 ж., N 49, 557-құжат) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының**

*Премьер-Министри*

Қазақстан

Үкіметінің

Республикасы

2 0 0 4

ж ы л ф ы

2 0

қ а н т а р д а ф ы

N 5 6

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

## **Арнайы су пайдалануға рұқсат беру, оның қолданысын тоқтата тұру ережесі**

Ескерту. Тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.06.05 N 833 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Су кодексіне сәйкес әзірленді және арнайы су пайдалануға рұқсат берудің, оның қолданысын тоқтата тұру тәртібін (бұдан әрі - Ереже) белгілейді.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.06.05 N 833 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

2. Арнайы су пайдаланудың мынадай түрлеріне:

1) тазартылған өнеркәсіптік, коммуналдық-тұрмыстық, қашыртқы және басқа да сарқынды сулардың жер бетіндегі су объектілеріне ағызылуына;

2) тәулігіне елуден екі мыңға дейін текше метр су алу лимиттерімен жер қойнауынан шаруашылық-ауыз су және өндірістік-техникалық жер асты суларын пайдалануға рұқсат беріледі;

3) Қазақстан Республикасы Су кодексінің 66-бабының 1-тармағында көрсетілген құрылыштар мен техникалық құрылғыларды қолдана отырып, жер үсті суларын жинап алу және (немесе) пайдалану (бұдан әрі - жер үсті суларын жинап алу және (немесе) пайдалану).

Ескерту. 2-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2007.09.17. N 812 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3. Арнайы су пайдалануға рұқсат оның иесінің осы Ережеде айқындалған арнайы су пайдаланудың нақты түрін жүзеге асыруға құқығын куәландыратын құжат болып табылады.

### **2. Арнайы су пайдалануға рұқсат беру тәртібі**

4. Су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) мынадай жағдайларда:

1) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.09.17. N 812 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

## **Қаулысымен.**

2) шетелдік занды тұлғаларға арнайы су пайдалануға рұқсат береді.

**Ескеरту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.09.17. N 812 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2009.06.05 N 833 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз)**

**Қаулыларымен.**

5. Уәкілетті органның өнірлік органдары 4-тармақта аталғандарды қоспағанда, барлық жеке және занды тұлғаларға арнайы су пайдалануға рұқсат береді.

**Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.06.05 N 833 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулыларымен.**

6. Жеке және занды тұлғаларға арнайы су пайдалануға рұқсат бұл су пайдаланудың шарттары келісілгеннен кейін беріледі:

1) қоршаған органды қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық органдары - барлық жағдайда;

2) тиісті аумақтардағы халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыруши атқарушы органдар - барлық жағдайда;

3) жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органның аумақтық органдары - шаруашылық-ауыз су және өндірістік-техникалық жерасты суларын жер қойнауынан алып пайдалану бөлігінде;

4) ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық органдары - мал шаруашылығы мұқтаждары үшін суды жинап алу, сондай-ақ мал шаруашылығы үй-жайлары мен мал шаруашылығы өнімдерін қайта өндеу жөніндегі кәсіпорындарынан сарқынды суларды ағызу кезінде;

5) балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдары - балық шаруашылығында маңызы бар тоғандардан жер үсті суларын жинап алу кезінде және оған сарқынды және қашыртқы суларын ағызу кезінде.

**Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.09.17. N 812 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

## **3. Арнайы су пайдалануға рұқсат беру кезінде қойылатын талаптар**

### **7 . М ы н а л а р :**

1) олардың көмегімен арнайы су пайдалану жүзеге асырылатын, белгіленген талаптар мен стандарттарға сай құрылыштар мен техникалық құрылғылар тенгерімінде бар;

2) суды есепке алу және оның сапасын бақылау құралдары;

3) су жіберу және (немесе) сарқынды және қашыртқы суларын ағызуға

қайталама пайдаланушылармен шарттары бар жеке және занды тұлғаларға жер үсті суларын жинап алуға және (немесе) пайдалануға тазарттылған өнеркәсіптік, коммуналдық-тұрмыстық, қашыртқы және басқа да сарқынды суларды жер бетіндегі су объектілеріне ағызуға рұқсат етіледі.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.09.17. N 812 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Қаулысымен.

### 8 . М ы н а л а р :

1) олардың көмегімен жер асты су объектілерінен суды жинап алу жүзеге асырылатын қолданыстағы санитарлық-эпидемиологиялық ережелерге, нормалар мен стандарттарға сай құрылыштар немесе техникалық құрылғылар теңгерімінде барап;

2) су жинап алуды есепке алу және оның сапасын бақылау құралдары;

3) қайталама су тұтынушыларға су беруге шарты бар;

4) жер асты суларының қорлары туралы мемлекеттік сараптамалық қорытынды мен жер асты су объектісі туралы геологиялық ақпараты бар жеке және занды тұлғаларға тәулігіне елуден екі мыңға дейін текше метр су алу лимиттерімен жер қойнауынан шаруашылық-ауыз су және өндірістік-техникалық жер асты суларын пайдалануға рұқсат беріледі. Мемлекеттік геологиялық ақпарат теріс мәнде болған жағдайда 2 жылға дейінгі мерзімге геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу әрі бұл мерзім өткеннен кейін жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органның қорларға мемлекеттік сараптамасы болуы шартымен рұқсат беріледі.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.09.17. N 812 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

## 4. Арнайы су пайдалануға рұқсат алу үшін қажетті құжаттар

9. Арнайы су пайдалануға рұқсатты ресімдеу үшін өтініш беруші уәкілетті органға және оның өнірлік органдарына мынадай құжаттарды:

1) осы ережеге қосымшада келтірілген мәліметтерді көрсете отырып арнайы су пайдалануға рұқсат беру туралы өтінішті;

2) занды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі туралы куәліктің нотариалды түрде күәланырылған көшірмесін;

3) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.09.17. N 812 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен

4) су шаруашылығы құрылышы, гидромелиоративтік жүйелер мен

5) салық органдында есепте тұрғаны туралы күәліктің немесе жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелгені туралы күәліктің көшірмесін;

6) осы ереженің 6-тармағында белгіленген арнайы су пайдалану шарттарын келісуді.

7) алдынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.09.17. N 812 (алғаш рет реңи жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

### Қаулысымен

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.09.17. N 812 (алғаш рет реңи жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2009.06.05 N 833 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз)

### Қаулыларымен

9-1. Су жинап алуға арналған су объектілерін пайдалануға байланысты арнайы су пайдалануға рұқсат алу үшін осы ереженің 9-тармағында көрсетілген құжаттарға қосымша мыналар ұсынылады:

1) су тұтынушылар мен олардың суға қажеттіліктері туралы мәліметтер;

2) су жинауды есепке алу мен жинанатын су сапасын бақылау (қадағалау) құралдарының болуы туралы мәліметтер.

9-2. Гидроэнергетика мақсаттары үшін су объектілерін пайдалануға байланысты арнайы су пайдалануға рұқсат алу үшін осы ереженің 9-тармағында көрсетілген құжаттарға қосымша мыналар ұсынылады:

1) гидроэлектр станциясының белгіленген қуаты туралы деректер;

2) энергетикалық, су ағызы және өзге де құрылыштардың өткізу қабілеті туралы мәліметтер;

3) балық қорғау және балық өткізу құрылыштары туралы мәліметтер;

4) жоғарғы және төменгі бьефтердегі су режимі мен су сапасының көрсеткіштерін бақылау (қадағалау) құралдарының болуы туралы мәліметтер;

5) гидроэнергетика мұқтаждарына су ресурстарын пайдаланудың өтініш берілген көрсеткіштері туралы деректер.

9-3. Су жинап алусыз жер үсті су объектілерін пайдалануға байланысты арнайы су пайдалануға рұқсат алу үшін осы ереженің 9-тармағында көрсетілген құжаттарға қосымша мыналар ұсынылады:

1) кеменің техникалық сипаттамалары;

2) кеменің тіркелген порты (тіркелу орны) көрсетіле отырып оны пайдалануға Кеме қатынасы тіркелімінің рұқсаты;

3) кемеде жиналатын сарқынды сулардың, қалдықтар мен шығарындылардың бүкіл көлемін қабылдауға арналған жағалаулық және жүзу құрылғыларымен қамтамасыз етілу туралы деректер;

4) су объектісінің және қоршаған ортаның жай-күйіне келенсіз әсер ететін

немесе әсер етуі мүмкін объектілерді пайдалану және жұмыстарды жүргізу кезінде акватория участекіндегі су сапасын бақылау (қадағалау) құралдарының болуы туралы мәліметтер.

## **5. Арнайы су пайдалану рұқсатының шарттарын өзгерту және қолданысын тоқтата тұру**

**Ескеरту. Тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.06.05 N 833 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.**

10. Занды тұлғаның атауының өзгеруі арнайы су пайдалануға берілген рұқсаттың қайта ресімделуін талап етеді.

Су шаруашылығы жүйелерін реконструкциялау немесе су тұтыну шарттарының өзгеруі арнайы су пайдалануға қайтадан рұқсат алуды талап етеді.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2009.06.05 N 833 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.**

11. Арнайы су пайдалануға рұқсат берген уәкілетті орган оның қолданысын мынадай жағдайларда тоқтатады:

1) арнайы су пайдалануға рұқсат алу үшін ұсынылған мәліметтердің дұрыс еместігі анықталғанда;

2) Қазақстан Республикасының су немесе экологиялық заңнамасы талаптарының бұзылуы анықталғанда.

Осы тармақта көрсетілген жағдайларда уәкілетті орган рұқсаттың қолданысын тоқтата тұрудың себептерін және оларды жою мерзімін жазбаша нысанда көрсете отырып, су пайдаланушыны он жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

Рұқсаттың қолданысын тоқтата тұру ұсынылған мәліметтердің дұрыс еместігін және анықталған бұзушылықты жою мерзіміне жүзеге асырылады.

Хабарламада көрсетілген арнайы су пайдалануға рұқсаттың қолданысын тоқтата тұруға әкеп соққан себептер жойылған жағдайда рұқсаттың қолданысы рұқсаттың қолданысын тоқтата тұру жөнінде шешім қабылдаған органның жазбаша растамасының негізінде қайта басталады.

Рұқсаттың қолданысы тоқтатыла тұруы немесе қайта басталуы туралы хабарламаны су пайдаланушы алған күнінен бастап тоқтатылды немесе қайта басталды деп есептеледі. Рұқсаттың қолданысын тоқтата тұру Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2009.06.05 N 833 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз), өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.17 № 604 Қаулыларымен.**

## **6. Арнайы су пайдалануға рұқсат беру туралы өтінішті қарау мерзімдері**

12. Уәкілетті орган немесе оның тиісті өнірлік органды рұқсатты 30 күн мерзімнен кешіктірмей, ал шағын қәсіпкерлік субъектілері үшін - осы Ережеге сәйкес өтініш беруші ұсынған барлық қажетті құжаттармен бірге өтініші берілген күннен бастап он күн мерзімнен кешіктірмей береді.

**Ескеरту. 12-тармақта өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.06.05 N 833 (қолданысқа енгізу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.**

**Арнайы су пайдалануға  
рұқсат беру, оның қолданысын  
тоқтата тұрғы ре же сіне  
қосымша**

**Ескерту. Қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2007.09.17. N 812 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он құнтізбелік күн откен соң қолданысқа енгізіледі), өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.06.05 N 833 (қолданысқа енгізу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулыларымен.**

### **Арнайы су пайдалануға рұқсат беруге арналған өтініштер көрсетілетін мәліметтер**

Арнайы су пайдалануға рұқсат беруге арналған өтініште мынадай мәліметтер көрсетіледі :

- 1) су пайдаланудың түрі (осы Ереженің 2-тармағына сәйкес);  
2) жер үсті суларын жинап алу және (немесе) пайдалану (сарқынды суларды ағызу, жер асты суы көзінің) орындарының координаттары көрсетілген ахуалдық схема;

3) су пайдалану мақсаты;

- 4) су объектісінің атауы, негізгі гидрологиялық және гидрогеологиялық сипаттамалары, су пайдаланудың басқа да шарттары;

- 5) жер үсті суларын жинап алу және (немесе) пайдалану (ағызылатын сарқынды сулардың, жинап алғынатын жер асты суларының) болжанып отырған көлемі (мың м<sup>3</sup> / жыл, м<sup>3</sup> /тәулік, л/с);

- 6) өнім бірлігіне кететін жер үсті, жер асты және сарқынды сулардың үлестік шығыстары;

- 7) су пайдалануды бастау мен аяқтаудың болжанып отырған мерзімдері;
- 8) су тұтыну мен су жіберудің теңгерімдік схемасы мен есептемелері;
- 9) су пайдалануға жауапты тұлғаның аты-жөні, байланыс телефоны;
- 10) су пайдаланушының өндірістік қызметіне сипаттама (шығарылатын өнімнің көлемі, қызметкерлердің, қызмет көрсетілетін халықтың саны, қуаты,

суарылатын участкелерінің алаңдары);

11) өтініш берушінің техникалық және технологиялық іс-шараларды, қайта өндөуді және жұмыстардың қауіпсіздік техникасын қамтамасыз етуді қоса алғанда, жер үсті және жер асты суларын сарқылу мен ластанудан қорғауға, сарқынды суларды қабылдағышқа, қоршаған ортаны қорғауға қатысты ниеті;

12) өтініш берушінің кен орнынан (оның участкесінің) жер асты суларын жинап алу кезіндегі су пайдалану шарттары туралы ниеті;

13) арнайы су пайдалануға бұрын берілген рұқсаттың деректері (нөмірі, берілген күні, кім берді, қолданылу мерзімі, егер осылар өтініш берушіде бар болса, жер үсті және жер асты суларын жинап алу және (немесе) пайдалану жөніндегі пайдалану, өнеркәсіптік және басқа да сарқынды суларды жер беті су объектілеріне ағызы тәжірибесі);

14) жер үсті және жер асты суларын пайдаланғаны үшін төленетін төлемдерінің болжанып отырған есебі;

15) суды пайдалануды есепке алуға, режимдік байқауларды және зертханалық талдаулар жүргізуге арналған жабдықтарының сипаттамалары;

16) суды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ететін іс-шаралар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК